

Р.М. Жумашев, Б.М. Айтбаева, Д. Нығметұлы

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: zhumashev@bk.ru)*

Үштілділік: тарих және болашақ

Мақалада Қазақстандағы үштілділік тіл саясаты мәселелері қарастырылды. Мемлекетте үштілді білім беру ресми түрде тиімді деп танылып отыр. Қазақстандағы үштілділік тұжырымдамасы елімізді нығайтуға бағытталған. Үштілділік идеясы ұлттық идеологияның бөлігі болып табылады. Жетілген мемлекеттік тілмен біз өзіміздің тәуелсіздігімізді, даралығымызды, ерекшелігімізді сақтаймыз. Ал, екі халықаралық тілді білу бізге әлемдік ғылымға, экономикаға мүмкіндік, қолжетімділік береді. Үштілділік елімізді мықты және бәсекеге қабілетті етеді.

Кілт сөздер: тіл саясаты, үштілділік, көпұлтты, тұжырымдама, бәсекеге қабілетті, тілдік тұлға, мемлекеттік саясат.

Қазақстан Республикасындағы басым міндеттердің бірі — тіл саясаты. Бұл — мемлекеттік саясаттың қазіргі таңдағы ең маңызды міндеттерінің бірі. Мемлекеттік тілді білу мемлекеттік бірлікке әсер етеді, тілдердің дамуы мен көптілігін сақтау мемлекетті жаңа деңгейге көтереді, әлемдік қауымдастықта Қазақстан интеграциясына ықпал етеді, сонымен қатар экономикалық және әлеуметтік модернизация кезеңінде біздің мемлекетіміз үшін қажет бәсекеге қабілеттілікті нығайтады.

Қай заманды алсақ та, бірнеше тілдерді білген ұлттар өздерінің интеграциялық және қарым-қатынастық қабілеттерін кеңейтіп отырғаны бәрімізге мәлім. Қазақта өзінің даналығымен тарихта қалған ғұламалардың бірнеше тіл білгені ақиқат. Мәселен, Абылайхан түрік халықтарының және де парсы, қытай, орыс тілдерін, ал Құдайберген Қуанұлы Жұбанов араб, парсы, орыс, латын, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін жетік білген. Әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханұлы, Нәзір Төреқұлов, Мұстафа Шоқай секілді ел үшін ерен еңбек еткен ұлыларымыз кемінде үш тіл білгені белгілі. Олар бірнеше тілді білу арқылы дүние сарайын кеңітіп, саяси санасын ширата білген жандар. Ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылғаны тарихтан аян.

Жалпы, үштілділік дегеніміз не? Т.В.Жеребилоның лингвистикалық сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Үштілділік — бұл территориялық қауымдастық шегінде, яғни мемлекетте, ауданда, қалада, үш тілдің қолданылуы. Жеке адамның үш тілді өзінің коммуникативтік мүмкіндігі шегінде меңгеруі» [1; 72]. В.Ю.Михальченко әлеуметтік-лингвистикалық терминдер сөздігінде анықтамамен қоса оған мысал келтірген: «Үштілділік дегеніміз — территориялық қауымдастық шегінде үш тілдің қызмет етуі. Мысалы, Гунзиб ауылында (Дагестан Республикасы) гунзиб, авар және орыс тілдері қолданылады» [2; 23]. Ал, Б.Хасанұлы: «Үштілділік дегеніміз — гетероген әлеуметте бір этнос өкілінің үш тілді кезек-кезек қолданылуы» [3; 35].

Яғни, үштілділік — нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы.

Жалпы, тіл ұлтпен бірге өмір сүреді, дамиды, көркейеді. Себебі тіл — әр халықтың мемлекеттік нышаны. Б.Момышұлы: «Тіл дегеніміз — қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры», — деп айтқан. Шындығында да, тіл ұлттық рухтың абыройы, болмысы. Қазіргі ақпараттық заманда бірнеше тілді білу — қажеттіліктен туындаған мәселе. Барлық алпауыт елдер көптілді, олар халықаралық тілдерді білу маңызды деп санайды. Сол себепті біздің мемлекетімізде де көп тілді меңгеру мәселесі қолға алына бастады. Бұл — қажеттілік, заман талабы. Өйткені бірнеше тілді еркін меңгерген болашақ маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», — деген. Яғни, біз көп тіл білген сайын еліміз бәсекеге қабілетті болады. Елбасы: «Қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі», — деген болатын [4; 5].

Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілдерін жетік меңгеру заманауи қоғамда адамның жеке және кәсіби іс-әрекетінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бұның барлығы — практикалық және кәсіби түрде бірнеше тілдерді еркін меңгерген, осыған байланысты қоғамда әлеуметтік және кәсіби жағынан алдыңғы қатарда тұруға мүмкіндігі бар азаматтарға сұраныс тудыруда. Жалпы, көптілділік жеке адамның және ұлттың көптілділігі болып екіге бөлінеді. Көп ұлтты Қазақстан үшін көптілді болу жат дүние емес, себебі бірнеше этнос мекендейтін елде бірнеше тіл өмір сүреді. Яғни мемлекеттің көптілділігі халықтың өмір сүрген тілдік ортасына байланысты болады. Ал ұлттық құрамы тек бір ғана этнос мекендейтін елде көптілділік өте сирек кездеседі. Мысалы, Жапонияда көбіне жеке адамның көптілділігі кездессе, АҚШ-та ұлттың көптілділігі — бұл жүздеген ұлт мекендейтін елге тән құбылыс. Сонымен бірге көптілділікті ішінара және жаппай көптілділік деп бөлуге де болады. Өйткені кей елдер өзінің көршілес елдерімен тығыз қарым-қатынаста немесе халықтардың қоныс аударуы, елдердің тығыз орналасуы және тағы да басқа тарихи жайттар әсері етуі мүмкін. Мәселен, Кавказ, Дагестан халықтарының арасында жиі кездесетін құбылыс. Бүгінгі таңда біздің еліміздегі жағдайда осыған ұқсас десекте болады. Яғни, қазақтар екі не үш тілде, өзбек, ұйғыр және т. б. түркі тектес халықтар үш тілде, славян халықтары көбінесе бір тілде сөйлейтіндер кездеседі.

Президент «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны алғаш рет 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында жария етіп, 2007 жылғы Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды [5; 2]. Бұл жоба бойынша Қазақстан халқы үш тілде сөйлейтін жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлемге танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі. Біздің халқымыз үшін қазақ тілінің маңыздылығын және оның еліміздегі орын алуы туралы қазақ халқының зиялы азаматтарының ерте заманнан бастап айтқандары белгілі. Қазіргі уақытта да бұл мәселеге мемлекет тарапынан аса назар аударылатындығы баршамызға мәлім. Біз үштілділік заманның сұранысы екенін түсінуіміз керек. Үштілді меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосыламыз. Қ.Мырзалиев айтқандай: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Яғни, өз тіліміздің байлығын көрсете отырып, бірнеше тілдерді еркін меңгере алатын ұлт екенімізді көрсетеміз. Сонымен қатар ағылшын тілін жетік білу арқылы шет елдермен тығыз қарым-қатынас орнатып, экономикамызды жақсартамыз.

Дүниежүзінде бір ғана тілде сөйлейтін тұрғындары бар мемлекеттер бар. Мысалы, Канадада ағылшын және француз тілдері ресми тілдер болып саналады, бірақ француз тілінде тек Квебек штаты ғана сөйлейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі – қазақ халқының игілігі, оның архимаңызды рухани және мәдени құндылығы, тұлғаның барлық деңгейлерде қалыптасуына қажетті фактор, басқа тілдерді меңгерудегі базалық тіл, мәдени-тілдік қоғамдастықты дамыту мен көркейтудің кепілі және күшті идентификаторы, ондағы әлеуметтік-адами қатынастарды реттеуші, жалпыадамзаттық және ұлттық білімдер, құндылықтар жүйесінің аккумуляторы және трансформаторы. Ана тілінен тамырын үзген адам – осы байлық пен бағасыз игіліктен айырылған жан. Сондықтан Қазақстандағы үштілділіктің әрбір компоненті осы тілдің басымдығына бағынуға, соған қызмет етуі тиіс. Тіл саясатындағы тек осыдан кейінгі кезектегі, екінші басымдық — Қазақстандағы көптілділік, өйткені қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген ҚР-ның әр азаматы өз білім капиталын айтарлықтай еселей алады, олай болса, оның бәсекеге қабілеттілігі жоғары және мүмкіндіктері артық болмақ. Қазақстандағы тіл саясаты мемлекеттің тілдің өмір сүру мәселесіне қарым-қатынсының шоғырланған көрінісі болып табылады және ғалымдар бұны орталықтандырылған, демократиялық, интернационалдық, перспективалық, құрылымдық деп бағалайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауын үлкен ықыласпен баршамыз қабылдадық. Ондағы айтылған Елбасының әрбір сөзі қазақстандықтарға дамудың нақты жолдарын айқындап көрсетіп, болашаққа деген сенімін арттырды.

Елбасы өз сөзінде қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тіл білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін атап көрсетті. Ана тілінің айбынын асқақтатып, мәртебесін көтеру, дамыту – еліміздің мемлекеттік саясатының ең маңызды бағыттарының бірі. Сондықтан Елбасымыздың 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтардың саны кемінде 95 пайызды құрауы тиіс деген міндеттемесін орындауда еліміздің барлық азаматтары болашағымызды айқындайтын мемлекеттік тіл екендігін түсінуі қажет. Осы ретте қазақ тілінің

қолданылу аясын одан әрі кеңейту және конституциялық мәртебесіне сәйкес қоғамдағы рөлін нығайтуға, еліміздің барлық азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруіне қажетті жағдайлар жасалуда. Яғни, тіл саясаты елімізде ең алдымен, қазақ тілінің қоғамымыздағы біріктіруші, топтастырушы міндетін орнықтырумен байланысты жүргізілуде. Көп ұлтты Қазақстан үшін тіл мәселелелерін дұрыс шешу ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халық бірлігі мен қоғамдық келісімді нығайтудың түп қазығы болып табылатындығы айқын. Шындығында, қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылықтың тіл үйренуге деген ынта-ықыласы арта түсті. Жолдауда алдымызға кемел талаптар қойылып отыр. Жолдаудағы тілдерді дамытудың міндеттемелері мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, беделін күшейте түсері сөзсіз. Осы орайды он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығуы тиіс деген Елбасы тапсырмасын абыроймен атқару баршамыздың азаматтық борышымыз. Тіл саясатындағы айқын міндеттер — тәуелсіз елдің парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлғасын қалыптастырудың негізі.

В.Б.Галимьянова: «Құрылымдық тіл саясаты дегеніміз – тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейтуге, әдеби тілді дамытуға бағытталған мемлекеттің саясаты», — деп түсіндіреді [6; 12]. Орталықтандырылған тіл саясаты – мемлекет өткізетін міндетті іс-шаралар жүйесі. Ал, орталықтандырылмаған тіл саясаты — бұл аймақтағы жергілікті билік органдарының саясаты.

Қазақстан Республикасының Болон процесіне қосылуы елімізде үштілділіктің дамуына маңызды рөл атқарды. Болон декларацияларының қағидалары бойынша Қазақстанда көптілді білім беру жүйесі жүзеге асуы тиіс. Яғни, қазақ және орыс тілдерімен қатар, ағылшын тілі де қолданылуы қажет. Болон процесінің мақсаты – әлемде бәсекеге қабілетті мықты білім беру жүйесін құру.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру қажеттілігі үштілді білім беру базасын құрастырады. Біз тілдік жоспарлауда мына мәселені ескеруіміз қажет: Қазақстан Республикасында қостілділік: біріншіден, бұл табиғи процесс; екіншіден, ұлтына, нәсіліне, жасына қарамастан, барлық тұрғындар меңгерген. Ал, үштілділік — бұл реттелетін және қалыптастырылатын процесс.

Жалпы, үштілділік төмендегі факторлар ықпалынан дамиды: бірінші, әлеуметтік мәдени компонент рөлін күшейтуден; екінші, бірыңғай білім беру кеңістігін құрастырудан; үшінші, көптілді білім беру қажеттілігінен; төртінші, әлемдік ақпараттық кеңістікті дамытудан.

Сол себепті қостілділіктен үштілділікке өтудің мәні әр қазақстандықтың үш тілді меңгеру идеясын түсінуі, ал білім беру жүйесі бұл үшін қолайлы жағдай жасауы қажет. Соңғы мақсат — бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және әлемдік кеңістікке сәтті ену. Қазір барлық мектептерде, арнайы оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында осы идея жүзеге асуда. Себебі қазақстандықтар үштілділік дамыған мемлекет құрудың алғышарттарының бірі және өмірде өте қажет екенін жетік түсінеді.

Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бестілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз [7; 9].

Бірнеше тілде еркін сөйлей алатын, жаза білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлға айналады. Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне біртіндеп өтуі жағдайында шетел тілдерін оқытудың рөлі артады. Оқушылардың бір мезгілде үш тілде — қазақша, орысша және ағылшынша — ауызекі сөйлеудің негізін игеруге көмектеседі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет», — деп атап өтті. Үш тілді меңгертудегі басты мақсат — қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу [7; 2]. Әрқезде де бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған.

Қазақстанда үштілді білім беру ресми түрде тиімді деп танылып отыр. Не себепті десек, біріншіден, қазіргі геосаяси жағдай, екіншіден, тарих іздері, үшіншіден, көршілес елдермен қарым-қатынас. Тіл саясатында елдің ішкі жағдайымен бірге сыртқы жағдайы да ықпал ететінін ескеру қажет. Сондықтан, қазір Қазақстан «посткеңістік кеңістік» деген геосаяси орта болып отыр. Сол себепті, осы субъектіге тән барлық үдерістерге сай деп айтсақ болады. Егер де ғалымдардың, мамандардың, сарапшылардың зерттеулеріне қарасақ, бұл субъектіге Кеңес Одағы кезіндегі «қазақ

тілі — орыс тілі» қостілділігінің орнына «қазақ тілі – ағылшын тілі – орыс тілі» үштілділігіне басымдық берілген. Мұндай тіл саясаты Кеңес Одағы құрамында болған кейбір елдерде кездеседі, бірақ орыс тілі мүлде қолданылмайды. Мәселен, Украина, Балтық жағалауы елдерінде орыс тілі өте аз қолданылады деп айтуға болады. Литва, Латвия және Эстонияда мемлекеттік деңгейде орыс тілінің ресми қызметі жоқ. Балтық елдерінде орыс тілі тек орыс ұлтымен қарым-қатынас орнату тілі қызметін атқарады. Ал, Қазақстанда орыс тілінің позициясы жоғары: Ата Заңда орыс тілі ресми жағдайда қолданылатын тіл ретінде көрсетілген. Грузияда екі тілге, яғни грузин және ағылшын тілдеріне, басымдық берілген. Өйткені бұл елдің сыртқы саясаты Батыс елдерімен тығыз байланысты, сол себепті орыс тілінің қызметі бәсеңдеп кетті. Өзбекстанда, Грузиямен салыстырғанда, қостілділік әлсіз, себебі ағылшын тілін өзбек ағайындардың аз бөлігі, яғни белгілі бір мамандық иелері, ғана меңгерген. Сондықтан бұл елде бір тіл, яғни монотілділік басым деп айтуға болады. Монотілділік жаһандану заманында көптеген қауіптерге, кедергілерге тап болады. Өйткені ақпараттық заманда сырттан толастап келген материалдарды игеру қиындық тудырады. Ал, Қазақстан үшін үштілділік дұрыс модель болып табылады. Дегенмен, ғалымдардың зерттеулеріне назар аударсақ, соңғы жылдары Қазақстанда «қазақ тілі — ағылшын тілі» қостілділік үлгісі басым болып отыр. Көптілді Қазақстан үшін үштілділік моделі этносаралық бейбітшілік пен келісімді сақтауда маңызы зор.

Жалпы, Қазақстандағы үштілділік тұжырымдамасы елімізді нығайтуға бағытталған. Үштілділік идеясы ұлттық идеологияның бөлігі болып табылады. Яғни, Қазақстандағы бәсекеге қабілеттілікті дамытуға және нығайтуға бағытталған. Жетілген мемлекеттік тілмен біз өзіміздің тәуелсіздігімізді, даралығымызды, ерекшелігімізді сақтаймыз. Ал, екі халықаралық тілді білу бізге әлемдік ғылымға, экономикаға мүмкіндік, қолжетімділік береді. Үштілділік елімізді мықты және бәсекеге қабілетті етеді. Қазақстан Республикасы территориясында тұратын халықтардың жалпы адамзаттық құндылықтарын сақтау — мемлекетіміздің қазіргі кезеңдегі саясаты. Мемлекетіміздің әлемдік интеграцияға енуі тілдердің этностық дамуына әлеуметтік, моральдық, психологиялық жағдайлар туғызады, халықтар арасындағы мәдени, қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазақстан Республикасының Ата Заңында әлемдік тілдердің қай-қайсысын да қолдануға ерік берілген. Мемлекетіміздің саяси-экономикалық, мәдени байланыстары көптілділік пен бірнеше тілді сөйлей білу, білім алуды қажет етеді. Мемлекеттік тіл, ең алдымен, қалада қалыптасады. Өйткені ол заман ағымына қарай бейімделіп, технология мен ғылым жаңалықтарына ілесе отырып дамуы тиіс. Ал техника тіліне айналмаған тіл бұқараның қатынас құралы болудан қалады. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Қадір Мырза Әли: «...басқа тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте», — дегені қазіргі таңда өте өзекті. Тіл – қазіргі кезде аса көңіл аударарлық нәрсе, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы мен ұлттық және жеке тұлғалық дамудың қалыптасуына тікелей бағыт-бағдар беретін құбылыс. Үш тілде білім беру бәсекеге қабілетті, қазақ тілі – мемлекетті тіл, орыс тілі – қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – әлемдік кеңістікке кірігу тілі, яғни осы үш тілді еркін меңгерген тілдік тұлға қалыптастыру. Мемлекеттік тілді білу – бұл отан алдындағы парызын, халықаралық тілдерді білу — ол мәртебе. Еліміздегі тіл саясатын дамыту басым бағыттардың бірі болып қала береді. Сол себепті қазақ тілінің іскери, ресми бағыттағы, халықаралық қатынастағы ақпараттық рөлін күшейтіп, кеңейту сияқты шаралардың күн тәртібінен орын алатындығы белгілі. Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыты – тілдердің үштұғырлылығы. Үштілділік үшін тілді қолдану мәртебесінің жан-жақты болуы, қажеттіліктің туындауы маңызды рөл атқарады.

«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөз қазіргі таңда да өзекті болып отыр. Тілді көп білген сайын көкжиегін кеңейе түседі. Үш тілді еркін меңгеру арқылы Қазақстан азаматтары 2050 жылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сөйлеп, жаза алатын бәсекеге қабілетті қоғамға айналады. Яғни, бүкіл әлемге үш тілді бірдей меңгерген жоғары білімді мемлекет ретінде танылады. Озық ойлы адамдар қай заманда да бір елдегі бірнеше мәдениеттің, тілдердің қатар өрістеуіне үлкен мән берген. Басқа елдермен бейбіт қатар өмір сүріп, ынтымақтастық орнату үшін, сондай-ақ әлемдегі тіршілік тынысынан, толассыз ағылған ақпарат ағынынан хабардар болуы үшін де Қазақстанның жас ұрпағының ағылшын тілін білуі аса маңызды. Бүгінгі жаппай ақпараттандырылған дүниеде өзгелермен қарым-қатынасқа түспей, оқшауланып өмір сүру мүмкін емес. «Бір тіл білсең — бір адамсың, екі тіл білсең — екі адамсың» демекші, көп тіл білген сайын адамның дүниетанымы өзгереді, рухани байи түседі. Бүгінгі күні үш тілде білім беру – болашақ ұрпаққа білім кеңістігіне жол

ашады. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты — бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру [9; 3].

Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. «Өзге елдерді қор көре отырып, өз елін артық санау мүмкін емес. Сол себепті мен үш тұғырлы тіл туралы айтамын. Қазақстан мемлекеттік тілді игеруі керек. Орыс тілі – көрші еліміздің ана тілі және БҰҰ-ның алты тілінің бірі. Осы тіл арқылы әлемдік мәдениет пен әдебиетке жеткенімізді мойындауымыз керек. Бұл тілді де ұмытуымызға болмайды. Әр тіл – адамзаттың байлығы», — деді Мемлекет басшысы [7; 2].

Қорыта келе, бәсекеге қабілетті ел болудың бірінші сатысы — үш тұғырлы тіл деп айтуға болады. Қай елді алсақ та, ең бірінші ұрпағының біліммен қаруланғаны, өз туған тіліне деген құрметі мен сүйіспеншілігін жоймауы маңызды болып табылады. Сондықтан, болашағымыз жарқын болу үшін ұрпағымыздың үштілді, сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жеребило Т.В. Словарь лингвистических терминов. — Назрань: Пилигрим, 2010. — 486 с.
- 2 Михальченко В.Ю. О принципах создания словаря социолингвистических терминов: к постановке проблемы. — М.: Российская академия наук, 2006.
- 3 Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері.— Алматы, 2006. — 86 б.
- 4 Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана, 2007.
- 5 Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы. — 2012. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.akorda.kz
- 6 Галимьянова В.Б. Идея триединства языков в Казахстане правильна и будет способствовать развитию страны // Казинформ. — 2008. — 15 мамыр.
- 7 Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана, 2014.

Р.М. Жумашев, Б.М. Айтбаева, Д. Ныгметулы

Трехъязычие: прошлое и будущее

В статье рассмотрены вопросы трехъязычия в Казахстане, идея культурного проекта «Триединство языков». Овладение гражданами тремя языками исходит из сегодняшних реалий: триединство языков будет являться свидетельством конкурентоспособности страны. Казахстан развивает политику трехъязычия, так как сегодня успешно развиваются те страны, которые ведут правильную языковую политику. Необходимость знания трех языков — это требование времени. Народ Казахстана должен быть узнаваемым во всем мире как народ высокообразованный, говорящий на трех языках: казахском — государственном языке, русском — языке межнационального общения и английском — языке международных отношений.

Ключевые слова: языковая политика, трехъязычие, многонациональный, концепция, конкурентоспособность, языковая личность, государственная политика.

R.M. Zhumashev, B.M. Aitbayeva, D. Nygmetuly

Trilinguality: past and future

In the article the questions of a trilingual Kazakhstan, the idea of the cultural project «Trinity of languages». The acquisition of citizens three languages, comes from today's realities: the Trinity of languages will be a testimony to the country's competitiveness. Kazakhstan is developing a policy of trilingualism. The idea of trilingualism is neobhodimo for our state because today we are successfully developing our country, where are the right language policy. The need for knowledge of three languages — a requirement of time. The people of Kazakhstan should be recognized throughout the world as a nation of highly educated, speaking three languages: Kazakh language — the state language, Russian as the language of interethnic communication, and English is the language of international relations.

Keywords: language policy, trilingual, multinational, concept, competitiveness, linguistic personality, State policy.

References

- 1 Zherebilo T.V. *Dictionary of linguistic terms*, Nazran: Piligrim, 2010, 486 p.
- 2 Mikhailchenko V.Yu. *The principles of creating a dictionary of sociolinguistic terms: statement of the problem*, Moscow: Rossiyskaya akademiya nauk, 2006.
- 3 Hasanuly B. *Fundamentals of linguistic communication*, Almaty, 2006, 86 p.
- 4 Nazarbayev N.A. *New Kazakhstan in the new world: President of Kazakhstan N.A.Nazarbayev to people of Kazakhstan*, Astana, 2007.
- 5 *The message of the President of the Republic of Kazakhstan*, 2012.
- 6 Galimyanova V.B. *Kazinform*, 2008, May, 15.
- 7 *Kazakhstan's way – 2050: common goal, common interests, common future: President of Kazakhstan N.A.Nazarbayev to people of Kazakhstan*, Astana, 2014.